



# Талдықорған

Ұлт болашағы өз қолымызда!

12+

Газет 1992 жылдың 2-наурызынан шыға бастады



www.taldykorgan-online.kz

e-mail: taldyk@bk.ru



@Taldykorganpress

№44 (1834) Жұма, 1-қараша 2024 жыл / Қоғамдық-саяси газеті



**ХАЛҚЫМЫЗДА «ЖҰМЫСТЫҢ КӨЗІН ТАПҚАН БАЙЛЫҚТЫҢ ӨЗІН ТАБАДЫ» ДЕГЕН СӨЗ БАР. КӘСІБІНЕ АДАЛ ӘРІ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАҒАН АДАМ ҚАШАНДА ЛАЙЫҚТЫ БАҒАСЫН АЛАДЫ. БҰЛ ТҮСІНІКТІ ҚОҒАМ САНАСЫНА СІҢІРУ ҚАЖЕТ. АЗАМАТТАРҒА ҚҰРМЕТТІ АТАҚ БЕРУДЕГІ ТҮПКИ МАҚСАТЫМЫЗ ДА – ОСЫ.**

ҚР Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ халыққа арнаған Жолдауынан



## ТАЛ ЕК, ГҮЛ ЕК, ТУҒАН ЖЕРДІ ТҮЛЕТ

**Халық даналығы «Атадан мал Хқалғанша, тал қалсын» дейді. Жапырағы жайқалған әр ағаш жазда сая, қыста қамал болары анық. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастыра отырып, экологиялық мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Жетісу» телерадиокомпаниясы өзінің ширек ғасырлық мерейтойы аясында Журналистер үйінің аумағына 25 түп қарағай ағашын отырғызды.**

**Думан АЛТЫНБЕКҰЛЫ, «Жетісу» телерадиокомпаниясының директоры:**  
– Жалпы, бұл игілікті үрдіс арна құрылған сәттен бастау алып келеді. Ардагерлеріміз ескі ғимаратта да көшет отырғызып, жас буынға әрдайым үлгі көрсете білді. Біздер сол дәстүрді жалғастырушымыз. «Тал ек, гүл ек, туған жерді түлет» деген қанатты сөз бар ғой. Аталмыш қағиданы ұстана отырып, «Таза Қазақстан» акциясын қолдау негізінде ұйымдастырылып отыр. Осы орайда ұсынысымызға қолдау көрсеткен «Жоңғар Алатауы» ұлттық табиғи паркіне алғысымызды білдіреміз.

Айта кету керек, «Жетісу» телеарнасы 25 жыл уақыт аралығында отандық телеиндустрия нарығында өзіндік бағытын айқындаған, қолтаңбасы қалыптасқан арнаға айналды. Ақпараттық технология қарыштап дамыған заманда хабар тарату аумағы кеңейіп, тың бастамалардың жаршысы болып көрермен қошеметіне бөленді. Хабар тарату аумағы «ОТАУ TV» спутниктік желісі арқылы еліміздің барлық аймағы, сонымен қатар алыс-жақын шет мемлекет Ресей, Түркия, Иран, Пәкістан, Моңғолия, Қытайдың батыс бөлігі, Өзбекстан және Қырғызстан мемлекеттері көре алады. Ал мұрағатында шығармашылық ұжыммен жасалған жүздеген бағдарламалары бар. Қазіргі таңда эфирде танымдық, ақпараттық, ойын-сауықтық, әр салаға арналған түрлі форматтағы 40-қа жуық бағдарлама, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде ақпарат айналымында бірінші кезекте тұрған журналистік туынды жаңалық 3 уақыт таратылады. Жетісу облысының әлеуметтік-экономикалық дамуын, жеткен жетістіктері мен жеңістерін жұртшылыққа үнемі бірінші болып жеткізеді.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

### ЕЛ ҚАМЫ

## БЮДЖЕТ ТУРАЛЫ ЗАҢ МАҚҰЛДАНДЫ

**ҚР** Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар Үкімет ұсынған «2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы», «ҚР Ұлттық қорынан 2025–2027 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы» заң жобаларын және Еліміздің 2025–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамын қарап, мақұлдады.

«2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» заң жобасын депутаттарға таныстыру кезінде қаржы министрі Мәди Такиев 2025 жылы республикалық бюджетке түсетін түсімдер осы жылдың жоспарына 1,2 трлн теңгеге ұлғайып, 21,7 трлн теңгені құрайтынын атап өтті. Бұл ретте, бюджет әлеуметтік бағдарланған күйде қалады. 2025 жылы әлеуметтік салаға осы жылға қарай 862 млрд теңге өсіммен барлығы 9,8 трлн теңге бөлу жоспарланып отыр. Заң жобасына халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға және өңірлерді дамытуға бағытталған түзетулер енгізілгені атап өтілді. Халықты таза ауыз сумен қамтамасыз етуге, жылу, электр энергетикасы, көлік, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жүйесін жақсартуға, өңірлерді дамытуға, «Ауыл – Ел бесігі» жобасын жүзеге асыруға қосымша шығыстар көзделген.

Ел азаматтарын әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік көмек көрсету басымдыққа ие. 2025 жылға арналған әлеуметтік төлемдерге арналған шығыстар әлеуметтік төлемдерді индекстеуді және оларды алушылар санын арттыруды ескере отырып, 6 трлн теңге көлемінде қарастырылған. Білім беруді дамытуға 2025 жылы 73 млрд теңгеге ұлғайып, 1 трлн теңгеден астам қаржы бөлінеді. Денсаулық сақтау жүйесін дамытуға 2025–2027 жылдары 7,6 трлн теңге қарастырылған, оның ішінде 2025 жылы – 180 млрд теңгеге өсіммен 2,4 трлн теңге бөлінеді.

Өңірлерге 2025 жылы республикалық бюджеттен 405 млрд теңгеге өсіммен 7,5 трлн теңге бөлінеді. Экономиканың нақты секторын дамытуды қолдаудың да маңызы зор: бұл бағытқа 2025 жылы 2,1 трлн теңге көзделген.

«Еліміздің 2025–2029 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, базальқ сценарий бойынша ЖІӨ-нің жылдық өсімі орта есеппен 5,4% деңгейінде жоспарланған. Мұндай көрсеткішке қол жеткізілген жағдайда еліміздің ішкі жалпы өнімі 2025 жылғы \$321 млрд-тан 2029 жылы \$498 млрд-қа дейін өседі. Осылайша, Мемлекет басшысының 2029

жылға қарай ЖІӨ көлемін \$450 млрд-қа дейін жеткізу міндеті орындалады. Бірақ, Үкімет өз жұмысында республиканың 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында көзделген жоғары міндеттер қойып отыр. Аталған құжатқа сәйкес, ЖІӨ-нің жылдық өсімі 5,6%-дан 6,9%-ға дейін болуы тиіс. Бұл – өте ауқымды міндет. Мұндай көрсеткіштерге қол жеткізу үшін экономиканы әртараптандыру, оның күрделілігін арттыру, елімізде тереңдете өңделген өнім өндірісін ұйымдастыру, шикізатқа тәуелділіктен арылу бойынша белсенді жұмыс қажет. Өздеріңіз білесіздер, биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4%-ды құрады. Сонымен қатар бұл өсімге мұнай өндіру көлемінің төмендеуі аясында қол жеткізілді. Яғни, өсім басқа да мұнайдан тыс салалар есебінен өсіп жатыр. Экономика ауыл шаруашылығы есебінен дамып келеді, ол 11,4%-ға өсті. Көлік, сауда есебінен өсім 6%-дан жоғары көрсеткіш көрсетті. Құрылыс 10%-дан астам өсті. Осылайша, бұл салалардағы өсім жалпы экономиканың, ЖІӨ-нің өсімін қолдауға мүмкіндік береді. Әрине, бұл жеткіліксіз, біз мұны түсінеміз, сондықтан да түйінді мәселе бойынша қазірдің өзінде жұмыс істеп жатырмыз. Бұл – еліміздегі ірі индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін экономикаға елеулі инвестиция көлемін тарту. Өсу мүмкіндіктерінің бірі – инфрақұрылымға өте маңызды инвестицияларды көздейтін Ұлттық инфрақұрылымды дамыту жоспарын іске асыру болмақ. Сондай-ақ Президент Жолдауында берген тапсырмасына сәйкес, ТКШ жүйесін жаңғыртудың жаңа ұлттық жобасын әзірлеу соңғы сатыда тұр. Ұлттық жобада 2029–2030 жылдарға дейін жалпы инвестиция көлемі шамамен 10 трлн теңге мөлшерінде қарастырылған. Жоба инженерлік инфрақұрылымды айтарлықтай жаңартумен қатар, өздеріңіз білетіндей, бұл салада тозу көрсеткіші өте төмен, бұл – біздің отандық бизнес үшін үлкен резерв. Ұлттық жобада біз тауарлар, жұмыстар, қызметтердің барлығын отандық кәсіпкерлерден басым түрде сатып алуды көздеп отырмыз. Осылайша, алға қойған өршіл мақсаттарға жету үшін әлі де көп жұмыс істеу қажет. Президенттің тапсырмасы міндетті түрде орындалады», — деп атап өтті Премьер-министр.

Жалпы отырыстың қорытындысы бойынша Премьер-министр Мәжіліс депутаттарына республикалық бюджет туралы заң жобасын қолдағаны және сындарлы талқылау үшін алғыс білдірді. Олжас Бектенов Үкімет мүшелері депутаттық корпуспен тығыз жұмыс жүргізіп жатқанын және бұл тәжірибе жалғасын табатынын баса айтты.

www.primeminister.kz

## БАСПАСӨЗ – 2025

РЕДАКЦИЯДАН: 1 ЖЫЛҒА – 3500 тг.

Тел.: 40-11-02, 8 705 870 70 76.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Ж.Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат 4006 бөлме.



ПОШТАДАН:

<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (ҚАЛА)</b>	<b>ЖЕКЕ ТҰЛҒА (ҚАЛА)</b>
1 жыл – 7638,56 тг.	1 жыл – 4066,40 тг.
<b>ЗАҢДЫ ТҰЛҒА (АУЫЛ)</b>	<b>ЖЕКЕ ТҰЛҒА (АУЫЛ)</b>
1 жыл – 4566,40 тг.	1 жыл – 4066,40 тг.
<b>ИНДЕКС 15771</b>	<b>ИНДЕКС 65771</b>

## ҰЛТ МҮДДЕСІ

### ЕСЕЛІ ЕҢБЕК ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕЙДІ

Республика күніне орай облыс әкімі Бейбіт Исабаев әр салада еселі еңбек еткен қырықтан астам жетісулық азаматқа мемлекеттік наградалар тапсырды. Марапаттар Талдықорғандағы Б. Римова атындағы драма театрында өткен салтанатты жиында берілді. Бұл туралы Жетісу облыстық баспасөз қызметі хабарлады.

Көпшілікті мерекемен құттықтаған облыс әкімі ел дамуындағы жетісулықтардың еселі еңбегін атап өтіп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тоқталды.

Өңір басшысы өз сөзінде осы мереке қарсаңында үш бірдей жерлесіміз ел Президентінің қолынан мемлекеттік марапат алғанын ризашылықпен жеткізді.

Б.Исабаев бұдан әрі мемлекеттік наградалар тапсыру рәсіміне көшті.

Атап айтсақ, «Құрмет», «Парасат», III дәрежелі «Еңбек Даңқы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Ерен еңбегі үшін», «Шапағат» медальдарымен, сол сияқты Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» медалімен облыстағы өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, темір жол, коммуналдық шаруашылық, спорт, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, әлеуметтік қорғау және басқа да салаларда жемісті жұмыс істеген қарапайым еңбек адамдары марапатталды. Солардың қатарында «Талдықорғанжылусервис» ШЖҚ МКК экскаватор жүргізушісі Қажымұқан Бүкпінов, «Ақсу ЖСК» ЖШС тракторшысы Жасұлан Бимолданов, Матай станциясында

теміржолшылар әулетінің негізін салушы еңбек ардагері Даниял Балаубеков, облыстық Дәнеш Рақышев атындағы филармониясының жеке дауыстағы әншісі Бейбіт Мұсаев, «Панфилов Су құбыры» МКҚК сорғы станциясының машинисі Александр Бургарт, Қаратал ауданындағы мектеп жанындағы интернаты бар №13 орта мектептің мұғалімі Салтанат Найзабекова, «Шапағат» Текелі арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының мейірбикесі Надежда Пивоварова, «Мейірім» Жаркент арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының маманы Махаббат Сабденбекова және басқа да азаматтар бар.

Осы салтанатты жиында еңбек ардагері, КСРО «Социалистік Еңбек Ері» Күләш Айтжановаға, Қазақ КСР Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Нұржұман Ықтымбаевқа, мемлекет қайраткері, заң ғылымдарының докторы, профессор, академик Өмірәлі Жалаириге, «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» РҚБ төрағасы Төлеубек Мұқашевке, бірнеше шаруа



қожалықтары бірлестіктерін құрған «Герман Нам» компаниясының басшысы Герман Намға, «ZHERSU» инвестициялық-өндірістік корпорациясының Бақылау кеңесінің төрағасы Бауыржан Оспановқа, «Алацем» ЖШС директорының орынбасары Станислав Щербаковқа «Жетісу облысының Құрметті азаматы», кино және театр актрисасы, Б. Римова атындағы драма театрының актрисасы Әлихан Ыдырышеваға «Қазақстанның Халық әртісі» атақтары берілді.

Салтанатты шара мерекелік концерттік бағдарламамен жалғасты.

Еске салсақ, мереке қарсаңында Астанада «Қайнар-АКБ» ЖШС бас директоры Ербол Аймағамбетов, «Кең дала» ШҚ басшысы Қалибек Алпысбаев «Құрмет» орденін, Шоқан Уәлиханов атындағы «Алтынемел» мемориалды музейінің меңгерушісі Марал Рахатова «Шапағат» медалін Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың қолынан, облыстық мәслихаттың депутаты, «Асар» спорттық-оңалту орталығының жетекшісі Елдос Баялышбаев «Ерен еңбегі үшін» медалін ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы Е. Қошановтың қолынан алды.

## ӨЗІМІЗДІҢ ӨНІМ

### АЛАҢДАУҒА НЕГІЗ ЖОҚ



Н.Кененбаев «Бізде қант қызылшасының себілуінен бастап, жиналуына дейін барлық процес ойластырылған. Қызылшаны қазу жұмыстары жалпы 103 комбайнмен басталған. Оған қосымша өнімді жинап алуға бюджеттен қаражат бөлініп, 19 жапырақ жинағыш пен 20 комбайн сатып алынып, шаруаларға таратылды. Қазір 13 700 гектар алқаптың қалған 5,1 мың гектарында жүріп жатқан қазу жұмыстарын қараша айының 20-сына дейін аяқтауға толық мүмкіндігіміз бар», – деп атап өтті. Спикерлердің айтуынша техника кептелісін азайту мақсатында және шаруашылықтардың сұранысы бойынша «Көксу қант» зауытына тәтті түбірді өткізу графигі өзгертілді. Қазіргі уақытта, ірі аудандарға қант қызылшасын өткізуге екі күннен беріледі, қалған аудандар күнделікті өткізеді. «Ақсу қант» зауыты бүгінгі күнге Ақсу, Алакөл, Сарқан шаруашылықтарын қабылдап жатыр, 1 қарашадан бастап облыстың өзге де аудандарын қабылдай бастайды. Жалпы қант қызылшасын жинау және өткізу мәселелері облыстық жедел штабтың тұрақты бақылауында. Мамандардың мәлімдеуінше бұл негізде алаңдауға еш себеп жоқ, ағымдағы ауа райы да қолайлы болып тұрғанын баса айтты. Қажеттілік туындаса зауыттар желтоқсан айына дейін қабылдауға өзір. Бастысы шаруалар өнімдерін жинап, қабылдау пунктіне жеткізсе болғаны.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

Облыс бойынша қант қызылшасын 597 шаруашылық септі. Жалпы 615 мың тонна қызылша жиналады деп күтілуде, өндірілген өнімнің 250 мың тоннасы «Көксу қант» зауытына, 365 мың тоннасы «Ақсу қант» зауытына өткізу жоспарланған. Бүгінгі күнге 403 мың тонна өнім алынды. Бұл туралы Әңгірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында өткен баспасөз мәслихатында облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрғәулет Кененбаев, «Көксу қант зауыты» ЖШС директоры Алтынбек Абатов, «Ақсу Қант» директоры Самат Нағирбаев баяндады.

## АУЫЛДАРҒА КӨГІЛДІР ОТЫН ЖЕТКІЗІЛДІ

Жетісу облысында тағы 7500-ге жуық адам газға қосылуға мүмкіндік алды. Республика күні қарсаңында Көксу, Ескелді, Қаратал аудандарының 6 ауылдық елді мекеніне газ жеткізілді.

Атап айтқанда, Көксу ауданының Жетіжал, Мәулімбай, Еңбекшіқазақ ауылдары, Ескелді ауданының Ешкіөлмес, Жетісу ауылдары, Қаратал ауданының Көкпекті ауылы көгілдір отынға қосылды. Соның нәтижесінде Көксу ауданында 13 ауыл, Ескелді ауданында 12 ауыл, Қаратал ауданында 11 ауылға газ жеткізілді. Аталған аудандар келесі жылдың соңына дейін толық газдандырылады.

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, ауылдарға газ кіргізу кезінде бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясын-



да әлеуметтік әлжуаз топтар санатындағы бірнеше отбасы демеушілер есебінен газға тегін қосылды.

Жалпы биылғы жылдың соңында облыс тұрғындарының 56,5% газдандырылады деп жоспарланып отыр.

Жетісу облыстық баспасөз қызметі

## ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

### ЖҰМЫССЫЗДЫҚ МӘСЕЛЕСІ ОҢ ШЕШІМІН ТАБУДА

Талдықорған қаласының Қоғамдық кеңесінің күн тәртібі бойынша «Талдықорған қаласының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ басшысы Мәуі Шәкенов пен «Талдықорған қаласының мансап орталығы» ММ басшысы Азамат Балтабековтың осы жылға арналған нысаналы көрсеткіштерге қол жеткізу, жұмыссыздықты төмендету, жұмыспен қамтуы арттыру жөніндегі есебі тыңдалды. Кеңес отырысына Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Жеңіс Андабеков қатысты.

Шаһарымыздың даму жағдайындағы өзекті тақырыптарды талқылап, ой-пікірлерін ортаға салатын Кеңес мүшелері бірден баяндамашыларға жұмыспен қамтуға байланысты толғандырып жүрген сауалдарын қойып, жауаптарын тыңдады. «Жетісу облысының жұмыспен қамтуы үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесі «Жетісу облысы бойынша еңбек мобильділігі орталығы» КММ «Талдықорған қаласының мансап орталығы» филиалы халықты жұмыспен қамтудың белсенді шараларын жүргізуде. Осы жылы 1807 адам тұрақты жұмысқа орналасып, жаңа жұмыс орындарын құру мәселесі бақылауға алынған. Өңірімізде жұмыссыздарды тұрақты және уақытша жұмыспен қамту бойынша, Талдықорған қаласы әкімінің бекітуімен, жаңадан құрылған жұмыс беруші мекемелермен де жұмыстар жүргізілуде. «Талдықорған қаласының мансап орталығы» ММ басшысы Азамат Балтабековтың айтуынша «Қоғамдық жұмыс орындарына» жыл басынан бері 900 адамды қабылдау жоспарланғанымен, қазіргі уақытта 1018 адам жұмысқа тіркелген. «Тұрақты жұмысқа» – берілген адам саны 1930, оның ішінде – 1807 адам жұмысқа орналасып, орындалу көрсеткіші 93% жеткен. Жұмысқа орналасқан адамдардың электронды еңбек шарттары толық тіркелуі қадағалануда. Сонымен қатар жыл басынан ауқымды 6 бос жұмыс орны жәрмеңкесі оффлайн форматта және ezbek.kz порталында онлайн форматта ұйымдастырылған. «Алғашқы жұмыс орны» бойынша биылғы жылға – 97 адам бекітілгенімен, 111 қамтылған. «Әлеуметтік жұмыс орны» бойынша 56 адам еңбек етуде. «Ұрпақтар келісім шартымен» 4 адам жұмыспен қамтылған. «Күміс жас жобасы» аясында 155 адамды қамту жоспарланса, қазіргі уақытта олардың саны – 267 адамға жеткен. «Жастар тәжірибесі» жобасы аясында 320 адамды жұмыспен қамту жоспарланғанымен, олардың да көрсеткіші – 399 адамды құрап отыр. «Мүгедектігі бар адамдар» квотасы бойынша 9 адам жұмысқа орналастырылған. Сонымен қатар, Жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 30

грант белгіленіп, толығымен қамтылса, 240 адам – автоэлектрик, тігінші, бухгалтер, кондитер, тырнақ шебері, косметолог, кірпік өсіру, маникюр, шаштараз, elektrik мамандықтары бойынша білім алып, еңбекке араласа бастаған. «Пробация есебінде тұрған адамдар» санатынан 29 адам «Айсұлу тігін фабрикасы» ЖШС, ТОО «Фирма Талдықорған жолдары», «Жасыл-Ел», КГП «Талдықорғантепелосервис» мемлекеттік мекемесі және «Талдықорған Көркейт» ЖШС – мекемелеріне тұрақты жұмысқа орналастырылған. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған 18 адамның 7-уі ТОО «Фирма Талдықорған жолдары» және «Талдықорған Көркейт» ЖШС – мекемелерінде жұмыс атқаруда. Пробация есебінде тұрған адамдармен тұрақты кездесулер өткізіліп, мониторинг барысында адамдардың әкімшілік құқық бұзушылыққа тартылмағаны, жұмыс орындарына уақтылы келіп кетуі және тұрғылықты мекенжай бойынша бақылау жұмыстары ұйымдастырылуда. Пробация қызметінің есебінде тұрған 5 адам жеке кәсіптерін ашып, 17 адам түрлі бағыттар бойынша (ЖШС, ЖК) мекемелер мен жеке кәсіпкерлер қарамағында қызмет атқаруда. Осы жылдың басынан, барлығы 2403 отбасынан мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер ретінде өтініштер қабылданып, 01 қыркүйегіне 1581 отбасы, оның ішінде 7615 адам санына Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындалып, төленсе, 828 тізінш құжаттарының толық болмауына байланысты кері қайтарылған, – дейді Азамат Болатұлы. Қоғамдық кеңес отырысында Талдықорған қалалық мәслихатының 2023 жылғы 15 қарашадағы «Талдықорған қаласының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекеге санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» шешімінің жобасы мақұлданып, «Талдықорған қаласы әкімінің аппараты» ММ Талдықорған қаласының 2024 жылдың 9 айына көрсетілген мемлекеттік қызметтері туралы атқарылған жұмыстар барысы да назарға алынды.

Өз тілшіміз

## Өңірлерді дамыту

### 28 үйдің шатыры жөнделеді

Жетісу облысында биыл Талдықорған, Текелі қалалары мен Көксу ауданында 34 көп қабатты үйдің шатыры мен 10 үйдің қасбеті жөнделеді.

Мәселен, Талдықорған қаласының өзінде ғана биыл 28 үйдің шатырына жөндеу жұмыстары жасалуда, ал Текелі қаласында 5 үйдің, Көксу ауданында 1 үйдің шатыры жөнделіп бітті.

Талдықорған қаласы әкімінің орынбасары Қуаныш Сейтімбетовтің айтуынша, бүгінгі күні 10 үйде құрылыс жұмыстары аяқталуға жақын. Қалған 18 көп қабатты үйдегі жөндеу ісі қараша айының аяғына дейін аяқталуы тиіс. Бұдан бөлек, қаланың

бірнеше шағын ауданында осы жылы 10 үйдің қасбеті жөнделді.

Атап өтсек, облыс әкімі Бейбіт Исабаевтың тапсырмасымен Талдықорғанда облыс орталығын абаттандыру жұмыстары басталды:

- Азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту – Мемлекет басшысы алдымызға қойған негізгі міндет. Соңғы 2 - 2,5 жыл ішінде ауылдық елді мекендерді дамыту мақсатында облыстың аудандары мен ауылдарында тұрғын үй,

өлеуметтік нысандар салуға көп көңіл бөлдiк. Енді тұрғындардың жайлы өмір сүруіне, балалардың қауіпсіздігіне толыққанды жағдай жасау үшін алдағы 2 жылда облыс орталығын абаттандырумен кешенді түрде айналысамыз. Шатыр, қасбет, аула, арық жүйесі, аула скверлері жөнделеді. Сөйтіп кезек-кезеңімен 2-3 жыл ішінде қаланың барлық ескі шағын аудандарын ретке келтіреміз. Осы мақсатта келесі жылдан бастап коммуналдық саланы дамытуға бағытталған қала бюджетін екі есеге арттыруды жоспарлап отырмыз, - деді облыс әкімі Б.Исабаев Талдықорған қаласын аралау кезінде.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі

## Ортақ мүдде

### Меритократия қағидаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап өтіп, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік қызметті дамыту қағидатының бірі – меритократия, яғни мемлекеттік қызметке іріктеу және қызметі бойынша ілгерілету сіңірген еңбегіне, құзыретіне және кәсіби дағдыларына негізделеді деп көрсетілген.

Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі меритократия қағидатына негізделген мемлекеттік қызметтің өзіндік үлгісі қалыптастыра алды.

Үміткерлер мемлекеттік қызметтегі өзінің кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілетуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктері негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету ішкі конкурстар және ауысу тәртібімен жүзеге асырылады. Негізгі талап – мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының болуы.

Меритократия қағидатының іс жүзінде іске асырылуы мемлекеттік аппаратқа деген сенімділікті нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің жай-күйі туралы есептілігінің нәтижесіне сәйкес, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарында 2024 жылдың 9 айы бойынша меритократия қағидатының сақталу деңгейі 73,3% құрайды. Яғни, ағымдағы жылы 90 лауазымға ішкі конкурстар өтіп, 66 азамат ілгерілету арқылы жоғары лауазымдарға тағайындалды.

Бұл қағидат мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету қағидатына негізделіп, ашықтық, жариялық және әділдік принциптерімен ұштастырылған.

Меритократия қағидатын қолдану мемлекеттің өркендеуіне бағытталған жол, ал меритократия принциптерін нығайту мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегін әділ бағалаудың мүмкіндігі болып табылады.

Б.ШАРИПОВА,  
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

## Қала әкімі «БЕРЕКЕ» КОТТЕДЖІ ҚАЛАШЫҒЫНДА

Талдықорған қаласының әкімі Ернат Бәзіл мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы Саян Ахметжанов «Береке» коттеджді қалашығына барып, құрылыс нысандарында тексеру жұмыстарын жүргізді. Тұрғын үйлердің сапасы, газ, сумен жабдықтау желілерінің құрылыс барысымен танысып, мердігер ұйымдарға жөндеу жұмыстарын әрдайым бақылауда ұстауды тапсырды.



лас жемқорлық тәуекелдерінің қартаюына кірді. Уәкілетті органдармен бірлесіп құрылыс жұмыстарына мониторинг жүргізе отырып, объектілерге жұмыс сапарлары жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. Ал, құрылысы аяқсыз қалып, күні бүгінге дейін созылған іс бойынша айыпталушылар қылмыстық Кодекс бойынша жазаға тартылды. Ернат Дүйсенбекұлы «Баршаға мәлім, бұл іс бойынша қылмыста іс қозғалды. 600 млн теңге көлемінде мемлекет-

ке шығын келтірілді. Жыл басынан мердігер компаниямен шартқа отырып, сараптамадан өтіп, жұмыс қайта басталды. Ағымдағы жылға жоспар бойынша 97 коттеджді салынуы қажет. Қараша айында 25 үй қолданысқа беріледі. Одан әрмен кезек-кезеңімен үй кезегінде тіркеуде тұрған көпбалалы, өлеуметтік аз қамтылған отбасыларға, ҰОС ардагерлері, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға берілетін болады»- деп атап өтті.

Назерке ӘДІЛБЕКОВА

## Волейбол орталығының аумағы абаттандырылуда



Қала әкімі Ернат Бәзіл қала аумағында құрылыс жұмыстары жүріп жатқан бірнеше құрылыс нысандарын аралады.

Ең алдымен қала басшысы волейбол орталығы аумағының абаттандырылу жұмысын көруден бастады. Қазіргі күні аумаққа 50 түп шырша ағашының көшеттері егілген.

Сонымен қатар, 8-шағын ауданында жүргізіліп жатқан құрылыс нысандарын аралап, абаттандыру, тағы да басқа мәселелер бойынша мердігер компания өкілдерімен кездесіп, басталған жобаларға мұқият қарап, сапа мен мерзімді ұмытпау керектігін ескертті.

Бұдан бөлек, қала басшысы үстел теннис орталығының құрылыс қарқынын көріп, нысанды аралады.

Сапаны бірінші кезекке қойған қала әкімі құрылыс нысандарын аралау кезінде бірқатар кемшіліктерге назар аударып, жауаптыларға уақтылы жоюды міндеттеді.

Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

## ӨЗЕКТІ

### Жасөспірімдер арасындағы суицидтің алдын алу

Қазақстандықтарды алаңдататын теріс әрекеттер қатарында өзіне - өзі қол жұмсау көрсеткіші соңғы жылдары азайғанымен, жасөспірімдер арасында әлі де тіркелуде. Өмірдің тәтті дәмін татып үлгермеген жастар нәліктен осы жолды таңдайды?

Мамандар жастар арасында өзіне-өзі қол жұмсаудың көптеген себептерін анықтап отыр. Баланың психикалық күйзеліске немесе депрессияға түсуі, жалғыздықтан жалығуы, яғни, өзін ешкімге қажетсіз екенін сезінуі, қаржыдан қысылуы, ата-анамен кейде өзі қатарлы балалармен жанжалдасып қалуы, кей жағдайда оқыстан жасап алған кінәсі үшін жазадан құтылудың жолы ретінде де өз өміріне балта шабады. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы зерттеулерінің нәтижесінде жасөспірімдер арасындағы суицидтің 41 пайызы – себебі белгісіз, 19 пайызы-жазадан қорқу, 18 пайызы – психикалық ауру, 16 пайызы – қайғы-қасірет болса, қалғаны ақшалай шығындарға, тұрмыстық жағдайларға байланысты болатынын көрсеткен. Осы орайда түсінгеніміз, баланың бойына, санасына кішкентай кезінен

ата-анасы сенімділік, адамгершілік, әдептілік, мейірімділік қасиетін сіңіре білсе, рухани дағдарысқа ұшыраудың алдын алар еді. Бүгінде еліміздегі әр мектепте психологтар жұмыс істейді. Психолог мамандар түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, өзіне қол жұмсауға әрекеттенген баланы, яғни «тәуекел тобына» жататын жасөспірімді анықтап, онымен жеке жұмыс жасайды. Оқу орындарында буллингтік оқиғаларға жол бермеу, түрлі қиындықтарда баланың жалғыз қалмауын қадағалау да суицидтің алдын алуға мүмкіндік береді. Ұлы данышпан Абай «жақсылық пен жамандықтың арасында шек жоқ жерде, ар-ождан, намыс, қадыр-қасиет, сабырлық, талап құрметтелмейтін жерде адам өз нәпсісінің құлы болады». Жасөспірімдерге өзіне-өзі қол жұмсау әрекетінің дұрыс еместігін және бұл қиын жағдайлардан

шығудың жол еместігін түсіндіру аса маңызды. Өзгелердің назарын аудару үшін өзін өлімге қию інімізде де ауыр күнә саналатынын бала біліп өскені дұрыс. Жасөспірімдер суицидi-ата-ана, жақындары үшін ғана емес, барша қоғам, халқымыз үшін үлкен қасірет. Сондықтан да балаға асқан шектеулер қоя бермей, олардың ойына құлақ түріп, пікірін назарға алу маңызды. Психологиясы әлсіз балаға қандай қиындық болмасын оның шешу жолдары бар екенін түсіндіріп, уақытша түйткілді елемуге үйрету-кеселдің алдын алу болып саналады. Жас толқынның белсенді, білімді, табысты болып өсуіне мемлекет тарапынан барлық жағдайлар жасалуда. Ғылым, мәдениет, өнер және спортта талантты жастарға қолдау әрқашан бола береді. Балаларды жаңа оқыту әдістемелері арқылы білімге баулу, ерекше балалардың қоғамға бейімделуін қамтамасыз ету – еліміздің басты ұстанымы.

Илияс САҒЫМБЕКОВ,  
«Талдықорған қаласының ішкі саясат бөлімі» ММ сектор меңгерушісі

## ЮБИЛЕЙНАЯ ДАТА

## 80 ЛЕТ СЛАВНОЙ ИСТОРИИ

В минувшую пятницу в области Жетісу прошло празднование знаменательной даты – ровно 80 лет назад образовался Коксуский район. В праздничном мероприятии «Кенен жерім Көксуым», организованном в районном центре – Балпык би, приняли участие аким области Бейбит Исабаев, жители и гости района.



В рамках представленной выставки жители и гости смогли полюбоваться мастерством ремесленников, изделиями народного творчества и искусства, узнать о выдающихся людях, внёсших свой вклад в развитие родного края. А Мукринский народный театр представил публике театрализованное представление об истории создания района.

Поздравляя собравшихся с юбилейной датой, Бейбит Исабаев отметил, что Коксуский район отличается богатой историей и славится известными личностями. Среди них Ескельды би, Балпык би, Каблиса жырау, Калка Жапсарбаев, Герои Социалистического Труда Нурмолда Алдабергенов, Зылиха Тамшыбаева, заложившие прочную основу нынешним достижениям.

– Сегодня жители Коксуского района добиваются успеха в основных отраслях экономики и вносят свой вклад в процветание области. За прошедшие 9 месяцев объем произведенной сельскохозяйственной продукции составил 25,8 млрд тенге, а объем промышленного производства – 27,6 млрд тенге. Уровень газификации до конца года превысит 94 процента, а до конца следующего будет газифицирован полностью. В целом за 2023-2024 годы на строительство, реконструкцию инфраструктурных, социальных объектов и проектные работы району из областного бюджета выделено более 16 млрд тенге. Все эти достижения – наглядный результат ежедневного труда каждого жителя района, – отметил глава региона Б. Исабаев.

Продолжая выступление, аким области подчеркнул, что нынешняя дата – это не просто праздник, это повод подвести итоги, наметить дальнейшие планы.

– У района богатая и насыщенная событиями история. Много замечательных людей вписали свои имена в летопись

## ГЕРОИ СРЕДИ НАС

## ОНИ – ПРИМЕР ДЛЯ ПОДРАЖАНИЯ

Накануне празднования Дня Республики в МВД РК прошло торжественное мероприятие, посвященное знаменательному празднику. Министр внутренних дел генерал-лейтенант Ержан Сагенов в праздничной обстановке вручил награды наиболее отличившимся полицейским.

Среди награжденных – инспектор роты патрульной полиции УП города Талдықорғана старший лейтенант Санат Серікқалиұлы, которому была вручена медаль «Ерлігі үшін» за мужество и героизм, проявленные за спасение тонущего ребенка летом этого года. Полицейский также был награжден приказом министра по ЧС медалью «Суға батқандарды құтқарғаны үшін».

«Я, как командир, с чувством глубокого уважения отношусь к своим подчиненным вверенного мне подразделения. Полицейские нашей роты были награждены 9 наградами, из них 2 сотрудника – орденами «Айбын» и 7 человек – медалями «Ерлігі үшін». Они являются примером для подражания, и личный состав подразделения стремится достичь таких же высоких результатов», – отметил командир роты УП г. Талдықорғана капитан полиции Асхат Амирхамзаев.

Действительно, руководство МВД РК всегда по достоинству отмечает отличившихся стражей порядка наградами и поощрениями за проявленные мужество и героизм при выполнении ими служебного долга.

Азат БОРАНГАЗИЕВ



Фото Жениса ЫСКАБАЯ

края, принесли почет и уважение, прославили его подвигами и своим трудом. Важно, чтобы и дальше мы осознавали свою причастность к судьбе родной земли, действуя единой командой и опираясь на проводимые по инициативе Президента в стране реформы, – резюмировал Б. Исабаев, пожелав району и его жителям мира и процветания.

Затем состоялась презентация книги Сайлаубая Базилова «Құтқа құндақталған Көксуым», выпущенной в честь юбилейной даты, а также церемония награждения победителей состязания акынов «Көрікті мекен – Көксуым».

Со словами поздравлений и добрых пожеланий выступили также аким Коксуского района Даулет Халелов, Почетный гражданин области Жетісу, ветеран труда Наурыз Кылышбаев, депутаты Мажилиса Парламента РК Болат Керімбек и Магеррам Магеррамов.

В этот же день публике была представлена праздничная концертная программа и организованы различные спортивные игры. В частности, были проведены соревнования по перетягиванию каната, поднятию барана, армрестлингу, гиревому спорту, а в селе Жетіжал – конные состязания по национальным видам спорта: кокпар, кунан байга, аламан байга.

Напомним, Коксуский район, отделенный от Каратальского района, образован 8 мая 1944 года Указом Верховного Совета Казахской ССР с центром в поселке Кировский. Расположен в 18 км от областного центра. На сегодня в составе района имеются 10 сельских округов, 34 населенных пункта. Проживает свыше 42 тыс. человек, из них в районном центре – с. Балпык би количество населения превышает 14 тыс. человек.

## ЭКОЛОГИЯ

## «ALACEM» –

## ЗА ЧИСТУЮ ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ

Департамент экологии по области Жетісу совместно со средствами массовой информации провел пресс-тур по предприятиям, установившим автоматизированную систему мониторинга. Одним из таких крупных предприятий является цементный завод ТОО «ALACEM», производящее цемент сухим методом и являющееся объектом 1 категории.

Завод, расположенный в Кызылжарском сельском округе Кербулакского района, посетили руководитель испытательной лаборатории отдела лабораторно-аналитического контроля департамента экологии по области Жетісу Сауле Тобаякова, главный специалист данной лаборатории Юрий Высоцкий и представители местных СМИ.



Встретив гостей, начальник отдела безопасности предприятия Жанат Уразов с использованием видеоролика, прежде всего, ознакомил с правилами соблюдения техники безопасности на заводе. После главного эколога ТОО «ALACEM» Татьяна Казанцева рассказала, что в 2023 году на предприятии установлено оборудование автоматизированной системы мониторинга (АСМ) эмиссий в окружающую среду.

«Данная система установлена на одном источнике выбросов – печи обжига клинкера. Предварительно были проведены пусконаладочные работы, и в декабре 2023 года измерительная система введена в эксплуатацию», – отметила эколог.

Далее уже на высоте 80 метров, именно на этой отметке на выхлопной трубе печи обжига клинкера установлено оборудование измерительной системы, она рассказала журналистам об устройстве АСМ. Так, в нее входят: шкаф газового анализа, линии транспортировки пробы и продувки; роботооборудованный зонд с системой обратной продувки SP-10, анализатор пыли SOLER DUST 200,

расходомер газа термомассовый SOLER FLOW 100, преобразователи температуры и давления.

«Измерительная система обеспечивает непрерывный контроль концентрации загрязняющих веществ: окислы азота, диоксида серы, оксида углерода и пыли, а также скорость потока, температуру, объем и давление газозвушной смеси в дымовой трубе. Кроме этого, позволяет вести контроль над соблюдением нормативов эмиссий загрязняющих веществ и формировать прогноз экологической ситуации», – пояснила Татьяна Казанцева.

Информация о результатах измерений поступает на автоматизированное рабочее место (АРМ) АСМ, где она обрабатывается, архивируется и поступает на рабочее место оператора (ЦПУ) в виде интерактивного изображения, обновляемого в режиме реального времени, и включает в себя: текущее измеренное значение и приведенное к нормальным условиям значение массовой концентрации загрязняющих веществ; приведенное к нормальным условиям и усредненное за двадцать минут значение массовой концентрации загрязняющих веществ; относительную влажность отходящих газов; усредненную за двадцать минут мощность выброса загрязняющих веществ; концентрацию кислорода и (или) коэффициент избытка воздуха; температуру отходящих газов; абсолютное давление отходящих газов; скорость потока отходящих газов и приведенное к нормальным условиям значение объемного расхода отходящих газов; текущее значение времени (час, минуты, секунды, день, месяц, год).

Как сообщила главный эколог, в настоящий момент предприятием подана заявка на тестовую среду на платформе «Smart Bridge», до конца октября планируется тестовая передача данных в Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов.

Напомним, производственная мощность завода ТОО «ALACEM» составляет 3200 тонн клинкера в сутки или 1,4 млн тонн цемента в год. Предприятие введено в эксплуатацию в конце 2020 года и обеспечивает строительным материалом внутренний рынок Казахстана.

## АКТУАЛЬНО

## ЗАЩИЩАЯ ПРАВА ДОШКОЛЯТ

В организациях дошкольного образования участились случаи жестокого обращения с детьми. Низкая квалификация педагогов, недостаточная заработная плата уполномоченных должностных лиц не могут быть оправданием в нарушении прав детей. С учетом актуальности вопроса, он был вынесен на обсуждение отраслевого совета по частному образованию в области Жетісу.

К сожалению, в стране отсутствуют целевые методические инструкции и рекомендации, направленные на профилактику и пресечение жестокого обращения с детьми. В связи с этим на заседании Совета был рассмотрен практический опыт работы государственного детского сада №7 города Талдықорғана (руководитель – Гульниса Тулымшакова), который всецело исключает факты ущемления прав ребенка и защищает права самих педагогов. Комплексный подход с грамотным использованием систем видеонаблюдения позволяет в дошкольном учреждении осуществлять системный контроль за работой педагогического состава, времяпрепровождением детей и взаимоотношением с родителями.

На основании имеющегося положительного опыта работы отраслевым советом принято решение о разработке целевой программы, направленной на предупреждение насилия в отношении малолетних детей.

«Необходимо составить алгоритм действий по профилактике таких фактов и рекомендовать всем частным дошкольным организациям области использовать его в своей работе», – отметила председатель Совета Маржангуль Ахметжанова.

Членами совета по частному образованию также были обсуждены вопросы о предусмотренных в договоре, заключенного родителями с дошкольной организацией, пункта об их ответственности за клевету, согласно закону о статусе педагога.

«Для того, чтобы работа в данном направлении носила системный характер, необходимо проводить на постоянной основе

профилактическую работу с педагогическим коллективом, усилить работу психолога с детьми, родителями», – считает руководитель отдела дошкольного образования управления образования области Жетісу Жулдыз Мырзаханова.


Не менее актуальный вопрос, рассмотренный на отраслевом совете по частному образованию Палаты предпринимателей области Жетісу, – это разъяснение антитеррористических мероприятий в частных образовательных организациях. На обсуждение вынесено несоответствие в действующих нормативно-правовых актах в части деятельности охраняемых агентств и штатной охраны в организациях частного дошкольного образования.

Заместитель директора региональной Палаты предпринимателей Санжар Сабырбаев отметил, что одним из методов решения данного вопроса является обращение в управление образования о проведении внутреннего анализа нормативно-правовых актов на предмет исключения коррупционных рисков.

Участники обсудили текущие требования законодательства, направленные на обеспечение безопасности воспитанников и сотрудников в нестандартных ситуациях, а также важность обучения педагогических коллективов и разработку четких инструкций и алгоритмов действий в экстренных условиях на практике.

По завершению заседания представители бизнеса получили ответы на волнующие их вопросы, а также разъяснения по ряду аспектов частного образования.

Материалы подготовила  
Алма УРАЗАЕВА



## ТУЫМЫЗ ТҰҒЫРЛЫ БОЛСЫН!

Жетісу облысында Республика күні мерекесіне орай Мемлекеттік Ту көтеру патриоттық акциясы өтіп, іс-шара барлық аудан-қалаларды қамтыды. Бір ғана облыс орталығындағы акцияға мыңға жуық адам қатысты.

Талдықорғанда «Жастар» саябағындағы Ту тұғыры алдында өткен салтанатты шараға облыс әкімі Бейбіт Исабаев, зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік қызметшілер, депутаттар, өңірдегі мекеме-ұйымдардың, әскери саланың, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, белсенді жастар, үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, қала тұрғындары, жалпы саны мыңға жуық адам қатысты.

Патриоттық акция Мемлекеттік Ту салтанатты түрде көкке көтеруден басталды. Д. Рақышев атындағы облыстық филармонияның және «Талдықорған әуендері» фольклорлы-этнографиялық ансамблі әншілерінің, әскери қызметкерлердің, мектеп оқушыларының, жалпы қатысушылардың хоры әскери оркестрдің сүйемелдеуімен Мемлекеттік Гимнді жанды дауыста орындады.

Салтанатты жиында патриоттық әндер орындалды.

## АРДАГЕРЛЕРДІ АРДАҚТАЙЫҚ!

### ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕ АДАЛДЫҚ

1949 жылдан бастап ядролық сынақ тоқтағанға дейін Семей полигонында әскери міндетін атқарған азаматтардың барлығын-батырларымыз десек, артық айтпаймыз. Жер асты, жер үсті сынақтары табиғатпен қоса адамдарға да аса ауыр зардабын тигізді. Алапат аймақтан аман қайтқан азаматтар туралы біздің басылым бірнеше рет жариялады. Алдағы уақытта да ортамызда жүрген ардагерлерімізді «Семей полигоны» мүгедектер және ардагерлер ұйымының Жетісу өңірі бойынша төрағасы Толыбек Данабековтың қолдауымен жас ұрпаққа таныстыруды жалғастыра береміз.

Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы, Мыңарал стансасында тұратын Мұхтар Ақыновтың шаңырағында 1963 жылы дүниеге келген Берікбай, сәби кезінен-ақ алғырлығымен, адалдығымен үлкендердің көз қуанышына айналды. Ата-анасы жұмыс бабымен Жетісу өңіріне бет алып, Куйбышев ауылына қоныстанғанда 1970 жылы алғаш мектеп табалдырығын аттаған Берікбай сегіз жылдан соң орта мектепті аяқтап, туған жері – Мойынқұм ауданындағы кәсіби техникалық училищесіне оқуға түседі. Араға үш жыл салып, қалаған мамандығын игеріп қайтқан жас, бірден Талдықорған индустриалды-педагогикалық техникумына баруға бел буған еді. 1981 жылы арманы орындалып, оқуға қабылданған жас жігіт сол жылы әскер қатарына шақырылады. Отан алдындағы азаматтық міндетін Семей өңіріндегі әскери бөлімшенің бірінде өтеген Берікбай Мұхтарұлы өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын адал азамат екендігін көрсете білді. Атомның асқан уыты денесін шарпып жатқанын сезбеді де. Оның зардабын кейін тартарын қайдан білсін. Бар санасы, ойы-азаматтық борышын адал атқару болды. 1983 жылы әскерден орала сала техникүмдағы оқуын жалғастырып, 1987 жылы дипломын қолына алып, жұмысқа араласып кетті. Сол жылы отбасын құрып, бүгінде 3 баласынан өрбіген немерелерінің ортасында бақытты ғұмыр кешуде.

#### Берікбай Ақынов:

– Бүгінгі ұл-қыздарымыз ертеңгі ел тұтқасын ұстар азаматтар. Сондықтан да, отбасынан оларды адалдыққа, жауапкершілікке тәрбиелесек, нағыз Отанын сүйетін патриот болып қалыптасары сөзсіз. Ердің атын – еңбек шығарады демекші, ерінбей елімізге, жерімізге қызмет ету-борышымыз.

Гүлжанат МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

## МЕРЕКЕ АЯСЫНДА

### ТАЛДЫҚОРҒАНДЫҚТАРҒА ҚҰРМЕТ



Талдықорғанда 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай салтанатты шара өтті.

Салтанатты шараның шымылдығын қала әкімі Ернат Бәзіл ашып, көпшілікті Республика күнімен құттықтап, тәуелсіздіктің баға жетпес құндылық екенін айтты.

«Баршаңызды Республика күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.

Республика күні – халқымыздың рухын көтеріп,

елдігімізді нығайтатын, бірлігімізді бекемдеп, ынтымағымызды арттыратын айшықты мереке», – деді қала әкімі өз сөзінде.

Шара барысында қала басшысы қаламыздың дамуына өзіндік үлесін қосып жүрген жандарға облыс, қала әкімінің Құрмет грамотасын және Алғыс хатын табыс етті. Айта кетейік, Талдықорғанда Республика күніне орай, өткен салтанатты шарада 60-қа жуық азамат марапатталды.

Талдықорған қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі

## РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА

### САПАЛЫ БІЛІМ СЫНАҒЫ

Ауыл мектептерінің 9-11 (12) сынып оқушыларының жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадасының үшінші (облыстық) кезеңі басталуда. Оған ауданның кезеңнің 12 мыңнан астам жеңімпазы қатысуда. Олимпиада дәстүрлі форматта екі тур-ға 13 пән бойынша өтеді.

Естеріңізге салсақ, бірінші кезеңге 113 мыңнан астам оқушы тіркеліп, оның ішінде екінші (аудандық) кезеңге 53,5 мың оқушы қатысты. Үшінші кезеңнің

жеңімпаздары республикалық (қорытынды) кезеңге жолдама алады: жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер бойынша 9-11(12) сынып оқушылары және қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша 10-11(12) сынып оқушылары.

Ауыл мектептерінің оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиада өткен оқу жылынан бері өткізіліп келеді. Оның мақсаты – ауылдан келген дарынды оқушыларды анықтау және оларға қолдау көрсету, сондай-ақ оларға кәсіптік бағдар беру мен сапалы білім алу мүмкіндіктерін кеңейту.

Өз тілшіміз

## СПОРТ

### БИЛЬЯРДТАН ЕСКЕ АЛУ ТУРНИРИ



Телекулов Ахметжан Қайсарұлы Еске алуға арналған Талдықорған қалалық бильярд спортынан ашық турнир Жастар спорт сарайында өтті. Бильярд клубының ұйымдастыруымен өткен спорттық шара өте тартымды болды.

Айтар болсақ, Ахметжан Қайсарұлы Кербұлақ ауданы Шанханай ауылында 1961 жылы 25 қазанда дүниеге келген. Мектепті 1978 жылы ойдағыдай аяқтап шығады. 1979-1981 жылдары әскер қатарында болды. 1981-1982 жылдары Талдықорған қаласында полиция қызметкер болып жұмысқа орналасады. Жоғары білім алуды ойлап, 1982-1984 жылы Шымкент қаласындағы милиция жас офицерлер даярлау жоғары институтына түседі. Содан 1984 жылдан бастап Ішкі істер саласында әр алуан лауазымда қызмет атқарды. 2010-2011жылы Үшарал қаласында әскери полиция бастығы қызметін атқарып, полковник шенінде зейнеткерлікке шықты. Көптеген марапаттардың иегері.

Ахметжан Қайсарұлы өз қызметін адал да абыройлы атқара білді. Өмірінің соңына дейін елімізге адал қызмет етіп жұбайы Клара екеуі

төрт баланы тәрбиелеп өсірді.

Ашық турнирді Жетісу облысы Бильярд спорты федерациясының президенті Тоқтар Есимов ұйымдастырды. Турнирге Ахметжан Қайсарұлымен бірге жүрген әріптестері мен жолдастары да қатысты. Турнирге он алты адам қатысуға ниет білдірген еді. Жастар спорт сарайында өткен салтанатты ашылу рәсімінде ол кісімен қатар қызмет атқарған әріптестері сөз алды. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, Жетісу облысы «Динамо ДШСҚ ҚБ» дене

шынықтыру спорт құрама қоғамдық бірлестік төрағасының бірінші орынбасары Жарылқат Сабалақов қатысып, сөз сөйлеп құттықтауын айтты. Бас төреші Ахметсапа Шалқыбаев қатысушыларды ойын тәртібімен таныстырды.

Турнирдің өтуіне және демеушілерін марапаттауларын ұйымдастыруға көмек берген Ахметжан Телекуловтың досы, Кербұлақ ауданының құрметті азаматы Серік Қожақановтың еңбегін айта кеткен жөн. Есен Бураханов, Әбдімомун Ахметқали қаржылай демеушілік көмек көрсетті.

Жарыс барысында өз шеберліктерін көрсеткен бильярдшылар ақтық сынға сүрінбей өтті. Жарыс қорытындысында:

1-ші орынды Төлеу Мамбеталин,

2-ші орынды Геннадий Чарсов алса, жүлделі 3-ші орынға Нұрболсын Толқынбеков пен Нұрғали Тортаев лайық деп табылды.

82- жастағы Әшімхан Мамбетаев «Ардагер бильярдшы» атанды. Талдықорған қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Жаннұр Әбішевке жарыс қатысушылары алғыс айтты.

Д. ӨНУАРБЕКҚЫЗЫ

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН  
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚАУЛЫ2024 жыл 29 қазан  
Талдықорған қаласы

№819

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі №568 қаулысымен бекітілген Талдықорған қаласын дамытудың Бас жоспарын орындау мақсатында «Талдықорған қаласының сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ-нің 2024 жылғы 8 қазандағы №89-13-16/1009-И шығыс хатын қарастырып, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабының 3-тармағына, 84-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына және 85-бабына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-тарауына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жер пайдаланушы Виктория Сериковна Ускенбаевадан, кадастрлық нөмірі 24-268-939-4831 Талдықорған қаласының арнайы қорының жерінде орналасқан ауданы 55,0 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2025 жылғы 28 қаңтар белгіленсін.

3. Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі жер пайдаланушыны хабардар етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі осы қаулыны қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында және Талдықорған қаласы әкімінің ресми сайтында жарияласын.

5. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру мақсатында жер учаскесінің қаулысында көрсетілген жер пайдаланушыға «Талдықорған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ мекенжайына Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241, телефон: 8 (7282) 24-16-84, электрондық пошта мекенжайы: rg\_ozo@mail.ru.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р. Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е. Бәзіл

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ТАЛДЫҚОРҒАН  
ҚАЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ  
ҚАУЛЫ2024 жыл 29 қазан  
Талдықорған қаласы

№826

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау туралы

Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2024 жылғы 26 сәуірдегі №3394-24-00-4/145 шешімін орындау мақсатында, 18-баптың 3-тармағына, 84-баптың 2-тармағының 2) тармақшасына және 85-бапқа сәйкес «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-тарауы және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31 - бабы 1-тармағының 12-3) тармақшасына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «7SU GROUP» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің меншік иесінен кадастрлық нөмірі 24-268-939-147 Талдықорған қаласы, Қадырғали Жалайыр даңғылы, №86/2 мекенжайында орналасқан, жер учаскесінің ауданы 0,2367 га мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығаруды бастау.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні 2025 жылғы 28 қаңтар белгіленсін.

3. Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі меншік иесін хабардар етсін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі осы қаулыны қабылданған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында және Талдықорған қаласы әкімінің ресми сайтында жарияласын.

5. Келісу рәсімдерін жүзеге асыру мақсатында қаулыда көрсетілген меншік иесі «Талдықорған қаласының құрылыс бөлімі» ММ мекенжайына Талдықорған қаласы, Абай көшесі, 241, телефон: 8 (7282) 24-14-91, электрондық пошта мекенжайы: otdestroitelstvo@mail.ru.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Р. Бершінбековке жүктелсін.

Қала әкімі

Е. Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫҚОРҒАН  
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ  
ПОСТАНОВЛЕНИЕ29 октября 2024 год  
город Талдықорған

№819

О начале принудительного отчуждения земельного участка или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

Во исполнение Генерального плана развития города Талдықорған, утвержденного постановлением №568 Правительства РК от 15 сентября 2017 года, рассмотрев письмо ГУ «Отдел архитектуры и градостроительства города Талдықорған» исх. №89-13-16/1009-И от 8 октября 2024 года, в соответствии с пунктом 3 статьи 18, подпунктом 2) пункта 2 статьи 84 и статьей 85 Земельного кодекса Республики Казахстан, главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и подпункта 12-3) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение для государственных нужд земельного участка площадью 55,0 га, расположенного на землях специального фонда города Талдықорған, кадастровым номером 24-268-939-4831 у землепользователя Ускенбаевой Виктории Сериковны.

2. Датой принудительного отчуждения определить 28 января 2025 года.

3. Отделу земельных отношений города Талдықорған уведомить землепользователя, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Отделу земельных отношений города Талдықорған опубликовать данное постановление в течение трех рабочих дней с момента его принятия в местных средствах массовой информации и на официальном сайте акима города Талдықорған.

5. В целях осуществления согласительных процедур, землепользователю указанного в постановлении земельного участка обращаться в адрес ГУ «Отдел земельных отношений города Талдықорған» по адресу: город Талдықорған, улица Абая, 241, телефон: 8 (7282) 24-16-84, адрес электронной почты: rg\_ozo@mail.ru.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р. Бершінбекова.

Аким города

Е. Бәзіл

АКИМАТ ГОРОДА ТАЛДЫҚОРҒАН  
ОБЛАСТИ ЖЕТІСУ  
ПОСТАНОВЛЕНИЕ29 октября 2024 год  
город Талдықорған

№826

О начале принудительного отчуждения земельных участков или иного недвижимого имущества в связи с изъятием земельного участка для государственных нужд

Во исполнение решения специализированного межрайонного административного суда области Жетісу от 22 июля 2024 года №3394-24-00-4/512, в соответствии с пунктом 3 статьи 18, подпунктом 2) пункта 2 статьи 84 и статьей 85 Земельного кодекса Республики Казахстан, главой 6 Закона Республики Казахстан «О государственном имуществе» и подпункта 12-3) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Начать принудительное отчуждение для государственных нужд земельного участка площадью 0,2367 га, расположенного по адресу: город Талдықорған, проспект Кадырғали Жалайыра, №86/2, кадастровым номером 24-268-939-147 у собственника товарищества с ограниченной ответственностью «7SU GROUP».

2. Датой принудительного отчуждения определить 28 января 2025 года.

3. Отделу строительства города Талдықорған уведомить собственника, а также принять иные необходимые меры, предусмотренные законодательством Республики Казахстан.

4. Отделу строительства города Талдықорған опубликовать данное постановление в течение трех рабочих дней с момента его принятия в местных средствах массовой информации и на официальном сайте акима города Талдықорған.

5. В целях осуществления согласительных процедур, собственнику указанного в постановлении обращаться в адрес ГУ «Отдел строительства города Талдықорған» по адресу: город Талдықорған, улица Абая, 241, телефон: 8 (7282) 24-14-91, адрес электронной почты: otdestroitelstvo@mail.ru.

6. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Р. Бершінбекова.

Аким города

Е. Бәзіл

АЗАМАТТАРҒА  
АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

Сыбайлас жемқорлық қазіргі уақытта еліміздегі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Халықаралық Transparency International (TI) ұйымының жыл сайынғы «Жемқорлықты қабылдау индексі» бойынша Қазақстан 2022 жылы 180 елдің ішінде 101 орынға ие болды. Қазақстанның көрсеткіші – 36 балл. Жемқорлық деңгейі ең жоғары елдер 0 балл алады, ал 100 балл алған елдерге жемқорлық мүлде жоқ дегенді білдіреді. Сондықтан да халық арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті және адал еңбек қағидаларын ілгерілету, жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған шараларды ұйымдастыру, қоғамды ақпараттандыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте азаматтық қоғамның рөлін күшейту баршамыздың парызымыз.

Осы орайда, «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі 8 аудан мен 2 қаланы қамтып, 50 елді мекенді аралау іс-шарасын жоспарлады. Әкімшілікке хат жолданып, іс-шара кестесі бекітіліп, жоспар бойынша іссапарға мобильдік волонтерлік топ қатысты. Топ құрамында Мемлекеттік кірістер департаменті, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңестер, ақсақалдар, әжелер алқасы, заңгерлер, нотариустар, сот орындаушы және жергілікті атқару органдарының өкілдері болды. Талдықорған қаласына қарасты 2 ауылдық округтен 160-тай тұрғын қатысып, Еркін, Көктал, Өтенай, Еңбек ауылдарында әкімдіктің мәжіліс залында, мәдениет үйлері мен мектептерінде іс-шаралар өткізілді.

Нәтижесінде, ұйымдастырылған облыстық «Мобильді превенция» акциясы барысында жергілікті атқару органдары, үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық кеңестер, кіріс департаменті, жер қатынастары басқармасы, нотариустар мен заңгерлер тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, заңгерлік кеңестер берді. Азаматтар жеке қабылданып, шешілмеген сұрақтарына қанағаттанарлық жауаптар алды. Акцияға қатысушылармен кері байланыс орнатылып, сұрақтар оң шешімін тапты. Осы орайда, 2024 жылғы Қоғамдық бақылау заңына тоқталып, тұрғындарға жаңа заң туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, кітапшалар таратылды.

Сонымен қатар, Жетісу облысында 2023 жылдың алғашқы жартысында білім беру саласында 300-ден астам сыбайлас жемқорлық дерегі анықталғаны халық арасында алаңдаушылық тудырып отыр. Бұл деректер жемқорлықтың білім саласында да орын алатындығын, яғни жас ұрпақтың болашағына қауіп төндіретінін көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік деңгейіне жету үшін бірқатар ұсыныстар жасалады. Атап айтар болсақ:

► **Іс-қимыл алгоритмдерін насихаттау:** тұрғындарға жемқорлыққа қарсы күрестің тиімді әдістері мен шараларын түсіндіру қажет.

► **Ашықтықты арттыру:** жергілікті атқарушы органдар мен халық арасында байланыс орнатып, азаматтардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.

► **Адалдық саясатын насихаттау:** мемлекеттік және квазимемлекеттік сектор қызметкерлері арасында адалдықты насихаттап, қоғамның сенім деңгейін арттыру.

► **Волонтерлік қызметті дамыту:** сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша волонтерлік ұйымдарды қалыптастырып, олардың жұмысын жүйелеу.

Бұл ұсыныстар қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға, азаматтық қоғамның рөлін арттыруға және жастар арасында адал еңбек қағидаларын насихаттауға бағытталған. «Жас Ұрпақ» жастар қоғамдық бірлестігі өз қызметін одан әрі дамыту арқылы сыбайлас жемқорлықпен күресті жалғастыруға дайын.

Айдос МҰРАТҰЛЫ,  
заңгер

## МӘҢГІЛІК ЕЛ ЖАҢАНДАНУ ҮРДІСІНІҢ ТІЛГЕ ӘСЕРІ



Жаһандану дәуірі кезінде, әлемдегі халықтардың бір-бірімен араласуы үшін бір тілді көбіне пайдаланатынын байқаймыз. Бұл – тарихи факторларға, білім-ғылым тілінің дамуына байланысты болса керек.

Мәселен, ағылшын тілін былай қойғанда, француз тілі – қазірдің өзінде Францияның емес, Африка елдерінің 28 мемлекетінде ғана 167 миллионнан астам адам сөйлейтін тілге тиек етсек болады. Бұлай тілдің таралуы – Францияның отаршылдық заманында Африка елдеріне жүргізген үстемдігінен байқалады. Африка мемлекеттері өздерінің ұлттық тілдерімен қоса француз тілін де меңгергені омыдан көрінеді.

Үстемдік қылған мемлекет тілін отар елдеріне тарауы – жаһандану процесінің негізгі бөлігі. Кейбір саны аз халық өз тілдерін қолдануды былай қойып, кең таралған тілді қолдануға көшкен. ЮНЕСКО ұйымының баяндамасында «XXI ғасырдың соңында жер бетіндегі ұлт тілдерінің жартысына жуығы жойылып кетеді» деп болжам жасағанын мысал ретінде келтіруге болады.

Күншығыс елдерінде, әсіресе Жапонияда бұндай жаһандану процесіне ұлттық құндылықтарын, тілін сақтап қалу үшін ұлттық дресс-кодын, мәдениетін қолданумен жауап қатты. Қазіргі кезде карате, дзюдо, айкидо және т.б. ұлттық спорт түрлері біздің елде де таралған. Ал бізде ше? Бойымызда сол баяғы вестернизация, еліктеушілік, қазақи киімдерге күнделікті тұрмысқа және жұмысқа киюге келгенде – трендтен шығып қалған, ескі деп жатамыз.

Десек те, қазақтың қазақшылығын, салт-дәстүрі мен ұлттық кодын сақтап

қалу үшін мемлекеттік тілді, яғни қазақ тілін білуіміз бізге ауадай қажет. Қазақтың салты мен ұлттық киімдерін музейден не болмаса деректі фильмдерден ғана тамашаламай, күнделікті тұрмыста қолданған дұрыс деген ойдымыз. Зерттеушілер мен тіл мамандары қазақ тілінде қолданылып жүрген кириллица әліпбиіндегі – ф, в, ц, щ, ч, э, ю, я, һ әріптері мүлде болмағанын алға тартып жатады. Олай болса, күнделікті қолданып жүрген лексикамыздағы біраз ұғымдар қазақ тілінде айтылмай, айтылса да ерсі естілетінін мойындауымыз керек.

Дегенмен де, елу жылда – ел жаңа дегендей, елу жылда тіл де жаңарып, ғылым мен білім, мәдениет дамыған сайын тілдің де дамитынын тілге тиек етсек болады.

Тіл қалай дамуы мүмкін?

Жеке пікірім – ғылымның дамуына байланысты. Тіл дамуының бірінші бағыты – ғылыми дамыған елдің мәдениеті мен өркениеті дамып, жаңа ұғымдар енгізіліп, бұған шығармашылығы мен әдебиеті де қатар ілеседі. Елдің қарыштап дамуына орай – ғылыми зерттеулер мен жаңалықтар ашылып, қаламгерлердің бестселлер туындылары жарық көреді. Екінші бағыты – ғылыми дамымаған елдің – дамыған елден жаңалықтар мен материалдық игілігін алуы, бестселлер туындыларын сусындап оқуы және т.б. жолдары арқылы дамуы. Бірінші бағыт-

та дамыған елдің (көшбасшы ел деп атайық) тілі өзіне тән ұғымдарды пайдаланса, екінші бағыттағы елде көшбасшы елдің тіліндегі түсініктері мен ұғымдары енгізіліп, кірме сөздер арқылы дамуын аңғаруға болады.

Жаһандану үрдісі ғылым мен мәдениетті бірінші орынға қойып, күшпен басып алуды екінші орынға қойғандай. Мақаламыздың басында айтылғандай, француз тілі Африка елдерінде кеңінен тараған. Олай болса, француз тілі бүкіл өлемге таралуы мүмкін бе? Француз тілі тілдер дамуының бірінші бағытымен дамымай, екінші бағытты қолға алып, ағылшын тілінен кірме сөздерді пайдалана бастаған. Туындаған мәселені байқаған тіл мамандары дабыл қағып, нақты шара қабылдауға көшкен.

Бұл мәселе тек қана Францияда емес, Қытайда да ескеріліп, жаңа ұғымдар мен түсініктер сол елдің алфавиті мен қалыптасқан түсінігіне қарай икемденіп, өзгертілгеннен кейін ғана қолданысқа енгізіледі.

Ендігі жерде қазақ тілін сақтап қалуымыз үшін қандай шараларды қолдануымыз керек деген сұрақ туындайды. Жауап – француз және қытай елдерінің тәжірибесін қолдануда жатқан сияқты. Бұндай шара қолданбасақ – бестселлерді қазақшаға қалай аударармызды білмей, жаппай сатылым ба, үздік сатылым ба, сатылымның үздігі ме, озық сатылым ба – аударма алмай дал болып, бестселлер деп айтпасымызға кім кепіл?

Шынтуайтында, қазақтың тілі мен мәдениеті қазақ халқына керегі болмаса, онымен қазақ қолданбаса, басқа елге мүлдем қажеті де жоқ. «Тіл мен ұлт егіз ұғым» дегендей, ұлттық тілді білу – тек қана сол тілде сөйлеу және жазу емес, сол тілде ойлау, ұлттық дресс-кодын сақтау, ұлттық салт-дәстүрін ұстану деген ой келеді. Өйткені, тек тіл ғана емес, салт-дәстүр де ұмытылып, ұлттық киімдер күнделікті тұрмыста пайдаланылмауы – болашақ үшін алаңдауға бір белгі сияқты.

**Азамат МҰХТАРҰЛЫ,**  
Жетісу облыстық сотының бас маманы

## ЖАСТАР САЯСАТЫ

### ҰЛТ БОЛАШАҒЫ – ТӘРБИЕЛІ ҰРПАҚ

Ұлт мақтаншы Абай айтқандай «Адам ата-анадан туғанда үесті болмайды, естіп, көріп, ұстап, матын ескерсе дүниедегі жақсы, жаманды таныды, сондайған білгені, көргені көп болған адам білімді болады» - деген. Білім мен тәрбие-егіз ұғымдар. Екеуін бірінен-бірі бөліп, қарастыруға келмейді.

Бүгінгі таңда өзіміз тәлім - тәрбие беріп жатқан ұрпақ ертеңгі күні тек білімді азамат қана емес, Отанын жаһандық сүйетін, ұлттық тарихы мен мәдениетін қастерлейтін, рухани кемелденген азамат болып өсіп жетілуі қажет. XXI ғасыр - қатаң бәсеке ғасыры. Тәрбие процесі – ой шұңқыры, қыры мен сыры мол, неше түрлі әдістерді қажет ететін процесс.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер», - деген халық даналығы тәжірибеден, өмірден алынған. Бала ата-анаға, өскен ортаға қарап тәлім - тәрбие алады. «Баланы - жастан» дегенге мен де маман ретінде толық қосыламын. Қазақ халқының қанына біткен әдет-ғұрып, салт - дәстүрдің талайы баланы адамгершілікке баулуға септігін тигізеді. Бір жағынан жазылмаған заң сияқты көрінгенімен, бұлардың жас ұрпақты тәрбиелеуде

берері мол. Мәселен, қазақ халқының нақыл сөздерін алайықшы. Оның қайсысын болса да, баланың санасына сіңіре алсақ, онда қайтарымы мол болар еді. Сондықтан да болашағымыз бала тәрбиесіне жете мән беріп, оны бірінші кезекке қоюымыз қажет, сонда ғана олардың бойларына алғырлық, адалдық, іскерлік сияқты алып қасиеттерді қалыптастыратын боламыз. Кейбір ата-ана ұлы мен қызына киемін дегенін кигізіп, ішемін дегенін аузына тосып, олардың рухани «мүгедек» болып қалуына өздері себепкер болады. Баласына қастандық жасағанын кеш түсініп, бармағын тістеген ата - ананы да көріп жүрміз. Сондықтан, кейіннен опық жеп, бармақ тістемес үшін баланы қаршадайынан дұрыс тәрбиелеуге, бала бақытының шынайы бағбаны болуға атсалысқан дұрыс. Ананың, ұстаздың шеберлігіне қарай бала бойында

ұстамдылық, ұқыптылық, мінезділік, кішіпейілділік қасиеттер қалыптасса, әке арқылы бала еңбекқорлыққа, азаматтыққа, табандылыққа ие болмақ. Ата-ана өз еңбегі мен өмірге деген саналы көзқарасы, жақсы қасиеттері арқылы қадірлі ғұмыр кешіп, ұрпағына үлгі бола білсе, оның жемісін өзінен күшқуат кетіп, бағу – қағу сияқты күтім қажет кезінде көреді. Күтетіні, сыйлайтыны жоқ қарттар үшін көрілік дәулет емес, азаппен тең. Өмірдің небір сырлы махаббаттары ата-ананың балаға деген мейірім, махаббатынан тараған. Сол ата-анадан бастау алған махаббат қартайғанша тозбай, баласынан зор мейірімділікпен қайтып отырса, сондай ата-ана өткен өміріне өкінебейді, еңбегінің жанғанына риза болады. Бәсекеге барынша қабілетті отыз елдің қатарына ену үшін өскелең ұрпаққа білім беріп, елжандық сезімге тәрбиелеу, халықтың салт-дәстүрімен, сана-сезімімен тығыз байланысты жүргізілетін болса, нәтижесі де соғұрлым жемісті болмақ.

**Алтын ЖОМАРТОВА,**  
Талдықорған индустриялық колледжіндегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытушысы

## ОҚЫРМАН ХАТЫ

### МЕН АРМАНДАҒАН МАМАНДЫҚ

Журналистика – орақ ауыз, от тілді жұрттың басындағы жашық аспаны, халық пен қоғам арасындағы мәңгілік шындық туы. Журналистер билік пен бұқара арасындағы ақпараттың қозғаушы күші. Сөзінде байлауы жоқ мамандық көрсек Шерхан Мұртаза тілімен тәпсірлесек «бір кем дүние-ай» деп қатқыл үнмен ұзынұрғасын топшыласақ болады.

Бұл мамандықтың тамырына бойласақ, журналистиканың алдыңғы қатары сонау XVIII ғасырда Еуропадан басталған. Қазақстандағы революциялық, тайғақ кешкен кезеңдердің салдарынан бұл ғылым кейініректе дамыған. Газет, журналдардың айтулы қазақ қоғамында кең өріс алғаны журналистиканың қалыптасуын қамтамасыз етті. Құбылмалы әрі қилы кезеңде ұрымтал мамандықтың жетегінде жүру оңайға соқпағаны соқырға таяқ ұстатқандай ақиқат. Атап айтқанда, қазақтан шыққан алғашқы журналист, баспагер Мұхамбетжан Сералин, толқындалас буынның арасында С.Торайғыров, С. Сейфуллин,

С. Көбеев, С. Дөнентаев, Б. Майлин, М. Жолдыбаев, Ж. Сейдалин, Б. Бекжанов сынды Алаштың асылдың сынығы, шұғаның қиығындай азаматтары көп-ақ. Сүт бетіндегі қаймақтар ретінде тұңғыш журналист қыздар – Нәзипа Құлжанова, Гайнижамал Дулатова, Құлайым Балғынбаеваны танимыз. Қазақтың журналист қыздарының тырнақалды туындыларының жарық көруі «Айқап» журналының ықпалынан туған.

Журналистерге «Арқалағаны алтын, жегені жантақ» деп жұрт өз арасында әділ баға беріп қойған. Қазіргі таңда БАҚ мемлекеттік және коммерциялық болып бөлінеді. Негізгі пайда табуды көздейтін

занды тұлғалар яки мердігерлер қызыл танау болғанша сапаға жұмыс істейтін анық, ал сапаға қол жеткізу үшін мамандардың санын арттыруда. Заманауи тенденцияны көздеген жастар еңбекақының өсімін қашанда талап етеді. Мемлекет қаржыландыратын БАҚ өкілдерінің табаны тайғақ келеді, себебі материалдық қорғауға көңілі толмайтыны рас. Бүгінде бұл мәселенің шешімін тауып келе жатқаны қуантады. Жауапсыз сұрақтар шешімін тапса қазақ журналистикасының тасы өрге домалайтынына көміл сенемін.

Журналистика – тамыры тереңде қозғаусыз жатқан, әлі ешкім түбіріне жете қоймаған ауқымды әрі берері мол ғылым. Мен өзім аңсаған мамандық арқылы халықаралық аренада журналист ретінде осы саланың көгіне жығып күн болып, қабырғасындағы кірпіші болып қалануға бар күшімді саламын.

**Диана НҰРХАНАТҚЫЗЫ,**  
Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті журналистика факультетінің 1 курс студенті

## ТІЛ-ТҰҒЫР ДУБЛЯЖ АКТЕРІ БОЛҒЫҢЫЗ КЕЛСЕ...

Қазақстанда мемлекеттік тілде дубляждалған шетелдік анимациялық және көркем фильмдерге жыл сайын сұраныс артып келеді. Осыған орай қазақ тіліне аударылған киношығармалардың саны да көбеюіп жатыр. Бұл үрдіс, әрине, қуантады. Екі жыл бұрын ғана отандық кинотеатрларға қазақ тілінде дыбысталған бар болғаны 3-4 шетелдік фильм көрсетілетін, ал, қазір Мәдениет және Ақпарат министрлігі жылына кем дегенде 15 фильм шығаруды мақсат етіп қойды. Қазақ дубляжы үлкен табыс та әкеле бастады. Мысалы, жазда қазақша нұсқаға шыққан «Ойжұмбақ 2» мультфильмі кассалық жиын бойынша мемлекеттік тілде дубляждалған киношығарымдардың арасында абсолютті рекорд орнатып (табысы алғашқы 6 аптада 131 млн теңгеден асты), осы уақытқа дейін ең көп көрермен жинаған фильм боп атанды. Дубляж ісі біздің елге қалай дамып жатыр? Бұл қаншалықты қиын жұмыс? Дубляж саласына қалай келуге болады? Осы және басқа да сұрақтарға танымал актер-дублястаушы Санжар Мырзаханұлы жауап береді.

**Дубляж қалай жасалады? Дайындық қалай жүреді?**

Алдымен, бізге фильмнің толық нұсқасы беріледі, яғни оның дайын емес, көп дауыс жолшаларынан тұратын дұрыстау қажет нұсқасы. Әдетте, біз сол жолшалардың қажетін қалдырамыз, кейіпкер сөйлейтін жерін кесіп, үстінен аудармадағы өз дауысымызды жазамыз, бірақ кейде ондай мүмкіндік болмай, бұл жағдайдан шығудың амалдарын қарастырамыз. Ең бастысы, дубляжды тек қана сөйлеу мәнері деп қабылдамау керек, оған мәтіннің сапалы аудармасы, кинодағы киім, орта, жарылыс дыбыстарын келтіре білу, монтаж өнері, жасанды интеллектпен жұмыс жасай білу сияқты т.б. факторлар кіреді. Мысалы, біз фильмдегі естіп жатқан диалогтар, Годзилланың айқайлауы, ұшақтың ұшуы, ғарыш кемесі дыбыстарының барлығы қол астымызда бар немесе қоршаған ортада ұқсас дыбыс шығаратын заттардың көмегімен жазылады. Әзім актер-дублястаушы болғандықтан кейде қыдырып келе жатқанда естігенімді: «О, бұл дыбысты қолдануға болады!» - деген оймен диктофонға жазып аламын.

**Қандай да бір кейіпкер дыбыстауына актерлер қалай іріктеледі және сіз бұған қалай келдіңіз? Дубляждағы кейіпкер дауысы өзінің бастапқы нұсқадағы дауысына сәйкес келуі міндетті ме?**

Бұл сұраққа мен бөріне белгілі «Disney» кинокомпания мысалында жауап берейін. Айталық, жаңа мультфильм шығу қарсаңында кейіпкерді дыбыстау үшін іріктеу кезеңі жүреді, сіз оған дауысымен ғана емес, тіпті сыртқы келбеті, түрі мен жүріс-тұрысына дейін ұқсас болуыңыз қажет! Мысалы, ол толықтау, шамы қызғылт түсті, үлкен бойлы кейіпкер болса, сіз де мүмкіндігінше оған ұқсас болуыңыз керек. Біздің Қазақстанда болса, бұл жағынан әлдеқайда жеңілрек, кім кастингтен өтті сол дубляжға қатысады. Әзім актер-дублястаушы ретінде жолымды мультфильм, кино, комикс, жарнама, шығыстың аниме, түрік фильм-сериалдардың дыбыстауынан бастаған болатыным және қазіргі таңда да үлкен жобалармен жұмыс істеп келе жатырмын. Бұл мамандыққа қатысты құжат-диплом менде жоқ, бірақ уақытымен және тәжірибеммен келген дүние. Ең бастысы, адамда бұл салаға шынымен қызығушылығы болу керек.

**Дубляж мәтіні – ол қаншалықты әдеби тілмен жазылуы тиіс? Сыпайы, барлық грамматикалық және әдеби тілдік талаптарға сүйеніп жазылған мәтін бе, әлде ерекше, кейіпкерге сай мінез-келбетін аша алатындай мәтін сөзі артық па?**

Қазіргі таңда қазақ дубляжы біртүрлі кезеңді бастан кешіріп жатыр. Мәселен, қоғамның бір жартысы әдеби тілде, тексерілген аудармада шығатын фильмдерді қажет етсе, басқа бөлігі мемлекеттік тілдің заманауи тұрғыда дамуын қажет етіп жатыр. Мен, өзім үшін қайсысы жақсы екенін шешпедім, бірақ грамматикалық және әдеби талаптарға сай дыбыстау жайлы түсінікті болса, тілге жаңа сөздерді қосып оны заманауи бағытта итермелеуі біраз қиындықтар туғызады. Қазақ дубляжы бұл бағытта дамуы көзден, бізге сапалы аударма керек. Бұдан бөлек, қазіргі қазақ дубляжы өзінің өсерлігін жоғалтқан. «Менің атым Қожа», «Тақиялы періште» сияқты фильмдерді еске алайықшы, көрермен қарағанда барынша кіріп кететін, себебі актер-дублястаушылар шын ниетпен жұмыстарына берілетін. Қазіргі қазақ дубляжында қандай жағдай орын алып жатыр? Актер-дублястаушыға мәтін беріледі де ол еш нәрсеге назарын аудармай, басын төмен қаратып, қағаздағы жазылғанын жай оқи салады және бұны ұлттық телеарналарда көрсетеді. Менің ойымша, бұл дұрыс емес.

**Бұл салаға алғаш қадам басқысы келетін оқырмандарға қандай кеңес бере аласыз?**

Біріншіден, бұл салада жұмыс істегісі келген адамдарға берер кеңесім, дауысыңызды өзгертуге тырыспаңыз, себебі сіздің дауысыңыз, өз келген басқа адам дауысындай ерекше. Бұл сізге табиғатпен берілген дүние, одан да бар затпен қолдана білсеңіз, болашақта үлкен жобаларда жұмыс істеу мүмкіндіктеріңіз ашылуы мүмкін. Екіншіден, дикцияңызды жаттықтырыңыз, себебі сіз шатаспай, үзілмей оқуды үйренсеңіз, тәжірибе жинайсыз және сізге деген сұраныстар артады. Адам өз-өзімен жұмыс істей аласа және құштарлығы болса, кез келген мақсатына жете алады.

Сұхбат алған – Шерхан Сахари,  
11-сынып оқушысы

## КОНКУРС ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ!

**Конкурсты ұйымдастырушы:** «Жетісу облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ;

**Электрондық поштаның мекенжайы:** dpp\_md@mail.ru;

**Байланыс телефоны:** 8 (7282) 32-93-92.

**Конкурстың нысанасы:** әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік грант беру.

**Конкурс нысаны:** ашық конкурс.

**Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді беру орны:** (<https://www.kezekte.kz>) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.

**Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі:** конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінімді және толық конкурстық құжаттар топтамасын ұсынады.

**Өтінімдерді ұсыну мерзімі:** 2024 жылғы «25» қарашадан бастап 2024 жылғы «26» қарашаға дейін қоса алғанда.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылдауға жатпайды.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасына хабарласуға болады: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, 1 қабат, оң қанат, 106 кабинет немесе 8 (7282) 32-93-92 телефоны арқылы.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің «Жетісу облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial/press/news/details/874116?lang=ru> және Instagram [https://www.instagram.com/zhetysu\\_kasipkerlik\\_basqarmasy?igsh=NTZucGdvaWE3aDM5](https://www.instagram.com/zhetysu_kasipkerlik_basqarmasy?igsh=NTZucGdvaWE3aDM5) мен Facebook <https://www.facebook.com/share/bGYGexu5XJKJB8WL/?mibextid=LQQJ4d> әлеуметтік желілерінде танысуға болады.

## ОБЪЯВЛЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА!

**Организатор конкурса:** ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата области Жетісу».

**Адрес электронной почты:** dpp\_md@mail.ru.

**Контактный телефон:** 8 (7282) 32-93-92.

**Предмет конкурса:** предоставление государственного гранта субъектам социального предпринимательства, субъектам малого и среднего предпринимательства, являющимся финалистами программы «Одно село – один продукт».

**Форма конкурса:** открытый конкурс.

**Место подачи заявок для участия в конкурсе:** веб-портал информационной системы субсидирования (<https://www.kezekte.kz>).

**Порядок предоставления конкурсной документации:** для участия в конкурсе претенденты представляют электронную заявку по утвержденной форме и полный пакет конкурсной документации.

**Сроки предоставления заявок:** с «25» ноября 2024 года по «26» ноября 2024 года включительно.

Заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

По всем возникающим вопросам обращаться в управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по адресу: г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 26, 1 этаж, правое крыло, кабинет 106 или по телефону 8 (7282) 32-93-92.

С настоящим объявлением и конкурсной документацией можно ознакомиться на официальном сайте регионального координатора: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата области Жетісу» <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial/press/news/details/874116?lang=ru> в социальных сетях Instagram [https://www.instagram.com/zhetysu\\_kasipkerlik\\_basqarmasy?igsh=NTZucGdvaWE3aDM5](https://www.instagram.com/zhetysu_kasipkerlik_basqarmasy?igsh=NTZucGdvaWE3aDM5) и Facebook <https://www.facebook.com/share/bGYGexu5XJKJB8WL/?mibextid=LQQJ4d>.

## БРИФИНГ СУ ҚОЙМАЛАРЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ

**Ж**урналистер үйінде өткен баспасөз жиынына келген ҚР су ресурстары және ирригация министрлігінің «ҚазСуШар» шаруашылық жүргізу құқығындағы РМК Жетісу филиалының директоры Құдайбергенов Саят Үсенұлы атқарылған жұмыстары турасында баяндады.

Спикердің айтуынша, Жетісу облысы республиканың ірі аграрлық өңірлерінің бірі. Аталмыш мекеме өңірдің су ресурстары мен су шаруашылығы объектілерін нысаналы пайдалану, тұтынушыларға суармалы суды жеткізіп беру, суармалы жерлерді суару жүйелері мен су қоймалары арқылы суармалы сумен қамтамасыз етеді. Қазіргі уақытта су қоймалары жоспарлы кестелерге сәйкес жұмыс істеді.

Қазіргі таңда филиалдың балансында Жетісу облысы мен Алматы облысының аумағында орналасқан 9 су қоймасы, 12 су торабы және 3 бөгет, сондай-ақ 5102,9 км магистральдық, тарату арналары мен коллекторлық-дренаждық желілер бар. Ағымдағы вегетациялық кезеңде суармалы сумен қамтамасыз етуде проблемалар болған жоқ, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер суармалы сумен толық қамтамасыз етіп келеді.



Осылайша, вегетациялық кезеңде суармалы су беруге бекітілген жоспар көлемі 1 007 543,7 мың текше м орындалып 146 592 гектар жер суарылды.

Су қоймаларындағы су көлеміне күнделікті мониторинг жүргізіледі, мәселен, Ақешкі, Алматы және Ащыбұлақ су қоймаларының жұмыс режимі қалыпты.

Филиал жыл сайын аудан әкімдіктеріне және облыстың «Ауыл шаруашылығы басқармасы» ММ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілермен түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Осы жылғы қазан айының соңына дейінгі кезеңде ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерімен суармалы су

беру жөніндегі қызметтерге – 8088 дана шарттар жасалды, су беру көлемі – 1 008 543,7 мың текше м суару жерлер – 129 815,1 га құрады.

Барлық өндірістік учаскелерде суармалы су тұтынушылардың өтінімдеріне сәйкес беріліп, вегетация қалыпты режимде өтуде.

Жыл сайын филиал мамандары суару желілеріне ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізеді. Айталық, 204,9 шақырым ұзындықтағы арналарды механикаландырылған тазарту жаса-лып, 22 гидротехникалық құрылыстар мен 21 гидрометриялық бекеттер жөндеді. Сондай-ақ облыс бойынша су шаруашылығы жүйесін жақсарту бойынша бірқатар іс-шаралар жүргізілуде.

Ескелді ауданындағы Алмалы, Ақешкі, Ащыбұлақ су қоймаларын, Алакөл ауданындағы Тентек өзеніндегі су тарту су торабын, Ақсу ауданындағы Биен өзеніндегі су торабын, Қаратал ауданындағы Үштөбе магистральдық каналын қайта жаңартуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде;

Ал Ақсу, Алакөл, Ескелді, Панфилов аудандарында жаңа су қоймаларын салуға техникалық-экономикалық негіздеме әзірлену үстінде. Мұнан өзге «Көксу ауданының суару желілерін реконструкциялау» жобасы жүзеге асырылуда. Мамандар тапшылығы, суды тиімді пайдалану турасындағы сұрақтарға Саят Үсенұлы тұщымды жауап қайтарды.

Данагүл МӘКЕН



## ЗЕЙНЕТКЕ ШЫҒУ ҮШІН ҚАНДАЙ ҚҰЖАТТАР КЕРЕК? КАКИЕ ДОКУМЕНТЫ НУЖНЫ ДЛЯ ВЫХОДА НА ПЕНСИЮ?

**Қазақстанда әйелдер 61 жаста, ерлер 63 жаста зейнетке шығады. Жасы бойынша зейнетақы төлемдерін рәсімдеуге өтінішті ХҚКО арқылы немесе электрондық үкімет порталы арқылы беруге болады.**

**ХҚКО-ға жүгінген кезде келесі құжаттарды ұсыну қажет:**

▶ жеке куәлік (азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, қандас куәлігі);

▶ неке туралы куәлік (тегін ауыстырған жағдайда);

▶ 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін әзірленген өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар (еңбек кітапшасы, мұрағат мекемелерінің анықтамалары);

▶ банк шоты туралы мәліметтер;

▶ фото 3\*4 (зейнетақы куәлігі үшін).

**Сонымен қатар, болған жағдайда келесі құжаттар ұсынылады:**

▶ білім туралы құжат;

▶ әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;

▶ балалардың туу туралы куәліктері (әйелдер үшін);

▶ НҚА талаптарына сәйкес басқа құжаттар.

«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» КЕ АҚ Жетісу облысы бойынша филиалы

**В Казахстане женщины выходят на пенсию в 61 год, мужчины – 63 года. Подать заявление на оформление пенсионных выплат по возрасту можно через ЦОНЫ и портал электронного правительства.**

**При обращении в ЦОН необходимо предоставить следующие документы:**

▶ удостоверение личности (удостоверение лица без гражданства, вид на жительство иностранца, удостоверение кандидата);

▶ свидетельство о браке (при изменении фамилии);

▶ документы, подтверждающие трудовой стаж заявителя, выработанный до 1 января 1998 года (трудовая книжка, справка архивных учреждений);

▶ сведения о банковском счете;

▶ фото 3Х4 (для пенсионного удостоверения).

**Кроме этого, при наличии предоставляются:**

▶ документы об образовании;

▶ военный билет или справка управления (отдела) по делам обороны;

▶ свидетельство о рождении детей (для женщин);

▶ другие документы согласно требованиям НПА.

НАО «Государственная корпорация «Правительство для граждан» по области Жетісу

## ЗДОРОВЬЕ

### ШИЗОФРЕНИЯ: ВКЛАД МЕДСЕСТРЫ В ПРОФИЛАКТИКУ РЕЦИДИВОВ У ПАЦИЕНТОВ

#### ВВЕДЕНИЕ

Параноидная шизофрения является одной из наиболее распространенных форм шизофренических расстройств, характеризующихся наличием бредовых идей и слуховых галлюцинаций. Ввиду хронического течения заболевания, особую важность приобретает профилактика рецидивов и поддержание стабильного состояния пациента.

#### ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Регулярные беседы с пациентами и их семьями помогают выявлять ранние симптомы ухудшения состояния, что позволяет вовремя принять меры. Важной задачей сестринского персонала является также обучение пациентов и их близких правильному соблюдению режима терапии, особенно в плане приема антипсихотических препаратов. Это способствует снижению вероятности рецидивов.

Психосоциальная поддержка играет важную роль в реабилитации пациентов с шизофренией. Медсестра должна помогать пациентам адаптироваться к повседневной жизни, развивать навыки самопомощи и устанавливать социальные связи. Регулярное консультирование, участие в группах поддержки и реабилитационные программы – все это важные компоненты сестринского ухода.

#### Медикаментозная терапия и контроль за её соблюдением

Один из ключевых факторов успешной профилактики рецидивов – регулярный прием лекарственных препаратов. Медицинская сестра должна контролировать процесс приема медикаментов, информировать пациента о возможных побочных эффектах и обучать его методам контроля своего состояния. При этом необхо-

димо тесное взаимодействие с врачом-психиатром для коррекции лечения при необходимости.

#### ЗАКЛЮЧЕНИЕ

Роль медицинской сестры в профилактике рецидивов у пациентов с параноидной шизофренией не ограничивается только медицинским уходом. Она также включает психосоциальную поддержку, контроль за приемом медикаментов и взаимодействие с семьей пациента. Эффективное выполнение всех этих функций способствует улучшению качества жизни пациентов и снижению частоты рецидивов.

**Амина ОРДАБЕК,**  
студентка 5 курса ГКП на ПХВ «Талдықорғанский высший медицинский колледж».  
**Баян ТКЕНБАЕВА,**  
научный руководитель

## МЕНШІК ИЕСІ: «ТАЛДЫҚОРҒАН ТАҢЫ» ЖШС



ДИРЕКТОР - БАС РЕДАКТОР  
НҰРШАНОВА  
ГҮЛЖАНАТ МЫРЗАЛЫҚЫЗЫ

Телефондар: Жауапты хатшы 40-11-02  
E-mail: [taldyk@bk.ru](mailto:taldyk@bk.ru)

Газет аптасына бір рет - жұма күні шығады.  
ОСЫ ШЫҒАРЫЛЫМЫҢЫЗ ТАРАЛЫМЫ - 5 100 дана.  
Талпырыс №1167 Индекс 65771

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Ж. Балпапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

- Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттық және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қараша тіркеліп, №15702-Г куәлігі берілген. Алғашқы өске қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №712.11.02.1992.
- Қазақ және орыс тіліндегі қоғамдық-саяси, әлеуметтік - экономикалық апталығы.
- «Талдықорған» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Талдықорған» газетінде жарияланған материалды өзге басылым рұқсатсыз пайдаланбайды.
- Газетке басылатын материалдар аптаның әр бейсенбесінде сағат 12:00-ге дейін қабылданады.
- Газет «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
- Талдықорған қ., Қабанбай батыр к-сі, 32 үй.